

Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға әлеуметтік көмек көрсету Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының әкімдігінің 2006 жылғы 10 сәуірдегі N 503 қаулысы. Петропавл қаласының әділет басқармасында 2006 жылғы 10 мамырда N 13-1-40 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі N 595 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 03.04.2013 N 595 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы"»N 148-ІІ Заңының 31 бабының 1-ші тармағының 14 тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы"»N 39-ІІІ Заңының 11 бабының 2 тармағының 3 тармақшасы, 16 бабының, 29 бабының 6, 7 тармақтары, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы "Білім туралы" N 389 Заңының 4 бабының 5 тармағы негізінде қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға әлеуметтік көмек көрсету ережесі бекітілсін.

2. "Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"»ММ (В.И. Мишнев) қаражатты алушылардың жеке есеп шоттарына аудару арқылы әлеуметтік көмектің тағайындалуын қамтамасыз етсін.

3. "Петропавл қаласының қаржы бөлімі"»ММ (Г.И. Дорофеева) қала бюджетімен сәйкес жылға бекітілген қаржы шегінде әлеуметтік көмекті қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға әлеуметтік көмек 2006 жылы 1 қаңтардан бастап қалалық бюджет қаражатынан төленеді деп белгіленсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т.Н. Құлжановаға жүктелсін.

Қ а л а ә к і м д і г і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғ ы 1 0 с ә у і р д е г і

N»503 қаулысымен бекітілген

Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға әлеуметтік көмек көрсету ЕРЕЖЕЛЕРІ I. Жалпы ережелер

1. Осы үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға әлеуметтік көмек көрсету Ережесі(әрі қарай - Ереже) үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу тәртібін анықтайды.

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:
әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті орган (әрі қарай - уәкілетті орган) - «Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
мүгедек бала - сырқаттардан, жарақаттардан, олардың зардаптарынан пайда болған ағза функцияларының тұрақты бұзылуымен денсаулығында ауытқушылық бар, тіршілік әрекетінің шектелуіне әкеп соғатын кемшілігі бар және оны әлеуметтік қорғауды қажет ететін он сегіз жасқа дейінгі тұлға;
өтініш беруші - мүгедек баланың атынан әлеуметтік көмек тағайындауға өтініш жасаушы тұлға.

3. Мүгедек баланы үйде тәрбиелеу және оқыту оның ата-анасының немесе оның заңды өкілдерінің тілегін есепке ала отырып, оны жалпы немесе арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда және басқа да оқу орындарында оқытуға мүмкіндік болмаған жағдайда Ведомствоаралық психологтық-медиітік-педагогикалық консультациялық комиссия қорытындысы негізінде жүргізіледі.

4. Әлеуметтік көмекті алуға үйде тәрбиеленіп, оқытылатын мүгедек баланың әке-шешесінің біреуі, немесе оның заңды өкілі құқылы.

5. Әлеуметтік көмек белгіленеді және төленеді - туылған, асырап алынған және қамқорлыққа (қорғаншылыққа) алынған балаларға.

6. Әлеуметтік көмек мүгедек балаларға басқа да әлеуметтік көмек түрлері көрсетілетіндігіне немесе алимент алатындығына қарамастан және отбасының табысына қарамастан белгіленеді.

2. Әлеуметтік көмек алу үшін жүгіну

7. Ереженің 4-інші бабында көрсетілген тұлғалар тұрғылықты мекенжайы бойынша уәкілетті органға келесі құжаттарды көрсетуі керек:

- 1) Қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтініш;
- 2) Өтініш иесінің жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқасы және көшірмесі);
- 3) Отбасы құрамын және мекенжайын растайтын құжат;
- 4) Дәрігерлік-әлеуметтік сараптау комиссиясының мүгедектікті белгілеу

туралы анықтамасы (түпнұсқасы және көшірмесі);

5) Білім берудің уәкілетті органы жанындағы Ведомствоаралық психологтық-медиктік-педагогикалық консультациялық комиссия берген мүгедек баланы үйде оқыту қажеттігі туралы қорытындысы (түпнұсқасы);

6) Баланың тууы туралы куәлігі (түпнұсқасы және көшірмесі);

Қамқоршының (қорғаншының) әлеуметтік көмек белгілеу жөніндегі өтінішіне қоса қамқоршының куәлігі немесе қамқорлық пен қорғаншылықты белгілеу органдарының қамқорлық (қорғаншылық) белгілеу туралы шешімінің көшірмесі қоса тіркеледі.

8. Әлеуметтік көмекті тағайындайтын және төлейтін уәкілетті орган қабылданған құжаттардың дұрыстығына және құжаттардың түпнұсқасымен салыстыра анықталған көшірмелерінің нақтылығын тексеріп, өтініш иесіне құжаттардың түпнұсқасы қайтарылып беріледі.

9. Әлеуметтік көмекті тағайындайтын және төлейтін уәкілетті органның қызметкерлері құжаттардың көшірмесін куәландырады, тіркеу журналына ұсынылған құжаттарын қоса өтініштерін тіркейді және өтініш иесіне қабылдау туралы белгісі бар жыртылып алынған талон береді.

3. Әлеуметтік көмек тағайындау тәртібі

10. Әлеуметтік көмек, көмек алуға құқық пайда болғаннан кейін, әлеуметтік көмекті тағайындауға жүгінген айдан бастап тағайындалады.

Барлық құжаттармен қоса өтініш берген күн жүгіну күні болып саналады.

11. Мүгедек баланың ата-анасының біреуінің немесе оларды ауыстырушы тұлғаның өтініші бойынша оның тұрғылықты мекенжайы бойынша уәкілетті орган әлеуметтік көмекті тағайындайды.

12. Петропавл қаласының өкілетті білім органындағы ведомствоаралық психологтық-дәрігерлік-педогогтық консультативтік комиссияның берген мүгедек баланы үйде оқыту қажеттігі жөніндегі қорытындысында көрсетілген мерзімге әлеуметтік көмек тағайындалады.

13. Уәкілетті орган құжаттар түскен күннен бастап 10 күн ішінде жергілікті бюджет қорынан әлеуметтік көмекті тағайындау немесе әлеуметтік көмекті тағайындаудан бас тарту жөнінде шешім шығарады.

14. Жағдайларға байланысты туындайтын әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеуді жалғастыру немесе тоқтату (баланы асырап алу, оның өлімі және т.б.), тиісті жағдайға байланысты әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу сол айдан кейінгі келесі айдан бастап тоқтатылады немесе қайтадан жалғастырылады.

15. Әлеуметтік көмек сәйкес қаржылық жылға «Республикалық бюджет

туралы» Қазақстан Республикасы заңымен белгіленген айлық есептік көрсеткішінің 6,5 мөлшерінде бір тоқсанға тағайындалады.

16. Тоқсан ішінде өзгерістер болған жағдайда әлеуметтік көмек алу құқығы келесі тоқсанда қайта қаралады.

4. Жәрдемақыны төлеу

17. Әлеуметтік көмек алуға құқығы бар тұлғалардың жеке есеп шоттарына қаражатты аудару Ұлттық банктің лицензиясы бар екінші деңгейлі банк филиалдары арқылы орындалады.

18. Әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті орган тоқсан сайын көмек алушылардың жиынтық тізімін құрып, банк филиалдарына жібереді.

19. Әлеуметтік көмекті қабылдау өткен тоқсанға жасалады.

20. Әлеуметтік көмекті тағайындайтын немесе төлейтін уәкілетті органның кінәсы бойынша аударылмаған әлеуметтік көмектің сомасы өткен уақыт үшін ешқандай мерзіммен шектеусіз бірден аударылады.

21. Әлеуметтік көмекті төлеу бойынша есеп жүргізу және есеп беру тәртібі қолданыстағы заңнамаға сәйкес анықталады.

Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға әлеуметтік көмек көрсету

Ережелеріне Қосымша

Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»ММ-нің бастығына

(мекен - жайында тұратын)

(тегі, аты, әкесінің аты)

Тел. -----

Төлқұжаты (куәлігі) N -----

_____ берген

(кім берді ?)

(қ а ш а н б е р д і ?)

СТН(РНН) _____

ЖӘК(СИК) _____

Өтініш

Маған _____

(Тегі, аты, әкесінің аты)

мүгедек балаға әлеуметтік көмекті тағайындап, төлеуіңізді және _____ банк филиалында ашылған №N _____ жеке есеп-шотқа аударуыңызды с ұ р а й м ы н .

Өзгерістер туған жағдайда 10 күн ішінде ол туралы хабарлауға міндеттенемін .

Жалған ақпарат пен дәйексіз құжаттар көрсеткенім үшін жауапты екендігім ескертілді.

200_ жыл " __ "» _____

(Өтініш иесінің қолы)

Өтініш қабылданды:

200_ жылы " __ "» _____

(Құжаттарды қабылдап алған тұлғаның аты-жөні, қолы)

(кесу сызығы)

Азамат _____ өтініші _____ дана құжаттарымен қоса

200 __ жылы « ___ » _____ қабылданды.

(Құжаттарды қабылдап алған тұлғаның аты-жөні, лауазымы және қолы)